

Түркістан облысы  
Қазығұрт ауданы  
Адами әлеуетті дамыту бөлімі  
«Алтын сақа» бобекжай – балабақшасы

*Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі      Коркем әдебиет*

Такырыбы Ұлы женіс куні



Кұлышшак ересек топ

Тәрбиешілері Сарыбаева. Ж.

Шаханова .Н

2022жыл

### Мақсаты:

1. Білімділік: Балаларға Ұлы Отан соғысы, жеңіс, ерлік, батырлық туралы түсінік, ұғым беру, білімдерін жетілдіру.
2. Тәрбиелілік: Отанды қорғауға, сүйіспеншілікпен қарауға, сүюге, үлкенде құрметтеуге, отан үшін шайқасқа түскен аға - апаларымыздың рухына бас июге, үлкенге – ізет, кішіге – қызмет етуге, адамгершілікке тәрбиелеу.
3. Дамытушылық: Балалардың ақыл - ойын, қиялын, тілін, сөз байлығын, ән айту қабілетін дамыту.

### Жүргізуши:

Қамықпаған қыындықтың үрейінен,  
Өздеріңе силап қырдың гүлінен  
Бүгінгі ұрпақ – бақытты ұрпақ атанип  
Құттықтаймыз Ұлы Женіс күнімен!  
Женіс деген жақсылықтың сыңары  
Жігерменен құштарлықтың құралы  
Курескердің арманы мен ұраны  
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Құрметті ұстаздар мен балалар! Баршамызға белгілі 9 мамыр - 5 жылға созылған ұлы Отан соғысында неміс басқыншыларын өз ордасында күйрете талқандап, әділетті елімізге женіс әкелген күн. Женіс оңайлықпен келген жоқ. Қанша бала жетім қалды, қанша ана жесір қалды, қаншама қыршын боздақтарымыз отан үшін өмірін қиды. Соғыс зардабы қаншама жүректерге жазылmas жара салды. Биыл міне, сол женіске де 73 жыл толыпты. Бірақ, бізге – тыныш жылдар, бақытты өмір сыйлаған ата - бабаларымыздың ерлігін ұмыттырмақ емес! Ерлер есімі – ел есінде мәңгілік сақталады. Қазір біздің балалардың Женіс күніне арнап дайындаған ертеңгілігін тамашалаңыздар. Осы ертеңгілімізді бастамас бұрын балабақша директоры Сарбина Залапқалиқызына сөз кезегін береміз.

### Жүргізуши:

Бұлт түнеріп аспаннан  
Талай көзден жас тамды  
Тұтқылдан жау тиіп,  
Қырғын соғыс басталды - деп з «Баласын сағынған ана»  
музыкалық көрініс

### Жүргізуши:

Бәріде майдан үшін  
Бәріде жеңіс үшін  
Біздер үшін жаңын қиған  
Бас иеміз жандарға.

Жұргузіші: Осы сұрапыл соғыста ер азаматтармен бірдей біздің апаларымызда өздерінің естен кетпес ерліктерін көрсетіп, отан үшін қан майданда жарапанған солдаттардың жаңын сақтап өз көмектерін аяған жоқ. Сүм соғыстың өзі өрімдей жап - жас Әлия мен Мәншүк қыздарымызды ала кетті. Мәншүк 19 жасқа келгенде соғысқа аттанды. Ол пулеметші, мерген болған. Мәншүк ерлікпен қаза болды, елі үшін отқа түсіп, жас өмірін отан үшін қиды. Сол батыр апаларымыз бер ағаларымызды 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

Ән: «Көгершін» тобының тәрбиеленушісі Сайын Құндызыңда ортаға «Анашым» әнімен қарсы алайық.

Жұргізуши: Ана нәзік, ана мейірімді бұл мереке тек ер - азаматтарымыз үшін ғана емес, аналарымызға және барша халықтың мерекесі, елінде қалған аналар соғысқа кеткен азаматтарының тілеуін тілеп, күні - түні еңбек даласында аянбай еңбек етті.

Өзінің нәзіктігіне қарамастан шырылдаған баласымен қоса, тылда еңбек еткен, аяулы аналарымызда жетерлік.

Аналар осылайша жүзге жеткін  
Ұл - қызың енді өзінді еркелетсін  
Әрқашан шаттықтардан орын алып  
Уайымның не екенін білмей өткің!

Би: «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушілерін «Жігіттер» биімен қарсы алайық.

Жұргізуши: Балалар жеңіске жету қыынға түсті. Оның жолында миллиондаған азаматтар мерт болды. Олар Отан үшін, біз үшін, сендер үшін, болашақ үшін, ұрпақ үшін шайқасқа түсті. Олар бірлік пен ерліктің арқасында жеңіс сағатын қолдарына тигізді.

Жеңіс, алақай жеңіс!

Жасасын жеңіс  
Болмасын соғыс!  
Болмасын соғыс!

Болмасын! – деп «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушісі Асқар Гүлсезімді «Мен қазақтың қызымын» әнімен қарсы алайық.

Жұргізуши:

Би: «Көгершін» тобының тәрбиеленушілерін «А ты меня любишь» биімен қарсы алайық.

Жұргізуши:

Көрініс - (Балабақша педагог қызметкерлері)

Алаулап гүл тұрады  
Туған жер құлпырады  
Бейбітшілік болса!  
Тұрленіп бақша, бағы  
Тірлік те жақсарады  
Бейбітшілік болса!  
Үйлер де құламайды  
Ешкімде жыламайды

Бейбітшілік болса! Балалар болады аман Аналар болады  
аман Бейбітшілік болса!- деп дана халқым, дара халқым  
тегін айтпаған.

Флешмоб: «Сарбаздар»

Жүргізуши: Балалар, біз аға - апаларымыз үшін  
қарыздармыз. Отан үшін жаңын аямай, орасан зор  
қайсарлық, батырлық, ерлік көрсеткен ержүрек батырларды  
бүгінгі күнде еске алу, ұмытпай есімдерін тарихта жаңғыртып  
отыру - сіздердің және біздердің парызымыз!

Ешқашанда енді соғыс болмасыншы  
Гүлдері ата - ананың солмасыншы  
Жеңерміз қыындықты қайыспастан  
Тек қана елге амандық орнасыншы  
Бейбіт болып әрбір күніміз  
Береке тола берсін жылымыз  
Биіктерге тұрсын мәңгі желбіреп  
Көк аспанмен тұстес біздің туымыз – деп «Көк тудың  
желбірегені»әнімен мерекелік ертеңгілімізді  
аяқтаймыз! 333333333